


КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ
ЮРИДИЧЕСКИЙ ФАКУЛЬТЕТ
КАФЕДРА УГОЛОВНОГО ПРАВА, УГОЛОВНОГО ПРОЦЕССА И
КРИМИНАЛИСТИКИ
НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ ЦЕНТР ПРОБЛЕМ БОРЬБЫ С
ПРЕСТУПНОСТЬЮ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ АБАЯ
JOHN JAY COLLEGE OF CRIMINAL JUSTICE



Актуальные модели социальной модернизации
в условиях форсированного индустриально-инновационного
развития государства

Материалы
международной научно-практической конференции

УДК 378
ББК 74.58
А 43

Ответственные редакторы:

Профессор, д.ю.н., заведующий кафедрой Юриспруденции и экономики Института магистратуры и PhD докторантуры Каз НПУ им. Абая **Т.К. Айтмухамбетов**

Заведующая кафедрой уголовного права, уголовного процесса и криминалистики КазНУ имени аль-Фараби, доктор юридических наук, профессор **Р.Е. Джансараева**

Кандидат юридических наук, и.о.доцента **Н.Б. Калкаева**

Ответственный за выпуск преподаватель кафедры уголовного права, уголовного процесса и криминалистики юридического факультета КазНУ имени аль-Фараби **А.Б.Избасова**

А 43 «Актуальные модели социальной модернизации в условиях форсированного индустриально-инновационного развития государства»: Материалы международной научно-практической конференции (8 ноября 2012г.), - Алматы, 2012. -

ISBN 978-601-7407-06-3

В сборнике представлены научные доклады участников международной научно-практической конференции «Актуальные модели социальной модернизации в условиях форсированного индустриально-инновационного развития государства», организованной кафедрой уголовного права, уголовного процесса и криминалистики юридического факультета КазНУ имени аль-Фараби совместно с кафедрой юриспруденции и экономики Института Магистратуры и Докторантуры PhD Казахского Национального Педагогического Университета имени Абая.

УДК 378
ББК 74.58

ISBN 978-601-7407-06-3

© КазНУ
© Каз НПУ 2012

СОДЕРЖАНИЕ

СЕКЦИЯ 1. ПРАВО КАК ФОРМА РЕАЛИЗАЦИИ ПРОБЛЕМ СОЦИАЛЬНОЙ МОДЕРНИЗАЦИИ И ИНДУСТРИАЛЬНО-ИННОВАЦИОННОГО РАЗВИТИЯ ГОСУДАРСТВА

1. <i>Адилова К.А.</i> К вопросу о структуре и сущности гражданского общества.....	8
2. <i>Ажинурина Д.А.</i> Охрана труда: законодательство и практика его применения.....	15
3. <i>Айтмухамбетов Т.К.</i> Решения, принимаемые судом апелляционной инстанции.....	28
4. <i>Алимқұлов Е.Т., Жанибеков А.Қ.</i> Қылмыстық іс жүргізу барысында сезікті (айыпталушының) құқығын қамтамасыз етудегі адвокат-қорғаушының орны.....	34
5. <i>Алишораз Ә.Б.</i> Адам құқықтары жөніндегі уәкілетті тұлға (Омбудсмен) институтының пайда болу алғышарттары.....	41
6. <i>Амерханов Р.А.</i> Кредиттік технология бойынша оқытудың проблемалары мен дамуы.....	44
7. <i>Арын А.А., Избасова А.Б.</i> Қылмыстан сақтандыру сот билігінің құрамдас бөлігі.....	48
8. <i>Атаханова Г.М.</i> Пайдакүнемдік қылмыстылығының негізгі себептері.....	54
9. <i>Ахмарова Г.</i> Направления оценки эффективности развития PR деятельности	57
10. <i>Ахметжанова Г.С.</i> К вопросу о содержании принципа гласности правосудия.....	62
11. <i>Ахметова Л.Е.</i> Особенности декриминализации деяний по уголовному законодательству Республики Казахстан.....	68
12. <i>Ауелбеков Д.</i> Существующие нарушения в соблюдении прав и свобод человека и гражданина в социально-экономической сфере Республики Казахстан.....	73
13. <i>Әділбекқызы С.</i> Вопросы административной ответственности за нарушения санитарно-эпидемиологических правил на современном этапе Казахстана.....	79
14. <i>Базилова А.А.</i> Криминологические детерминанты коррупции в РК.....	83
15. <i>Балашиов Т.Т.</i> Об особенностях производства по делам о преступлениях несовершеннолетних в Республике Казахстан.....	90
16. <i>Баяндина М.О.</i> Сокращение количества следственных действий, проводимых с участием понятых как один из способов модернизации доказывания по уголовному.....	94
17. <i>Бекова Р.Б.</i> Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша комиссия шартының түсінігі және белгілері.....	97
18. <i>Бертлеуов С.С.</i> Автомобильді немесе өзге де көлік құралдарын ұрлау мақсатынсыз заңсыз иеленудің түсінігі.....	103
19. <i>Биебаева А.Ә.</i> Қылмыстардың көптігін құқықтық реттеу мәселелері.....	106
20. <i>Бижанова А.А.</i> Бағалы қағаздарға байланысты қылмыстардың заңнамасына тарихи шолу.....	110
21. <i>Бисенова М.Қ.</i> Терроризм туралы көзқарастар.....	116
22. <i>Битұрсын Ғ.Ш., Баєтов Е.К., Омаров Б.А.</i> Дәстүрлі құқықтық мәдениет элементтерін пайдалана отырып, заңгерлердің кәсіби сөйлеу мәдениетін қалыптастыру жолдары.....	122
23. <i>Бонабаев Е.Ч.</i> Құқық шығармашылығы ұғымы.....	125
24. <i>Буранбаева С.Р.</i> Терроризм – ХХІ ғасыр дерті.....	129
25. <i>Галузин А.Ф.</i> «Правовые» истоки коррупции.....	132
26. <i>Грек Е.Н.</i> Вопросы предъявления и рассмотрения гражданского иска по делам частного обвинения.....	140
27. <i>Даубасова С.Ш.</i> Экономическая контрабанда: уголовно-правовые аспекты.....	143

ҚЫЛМЫСТАН САҚТАНДЫРУ СӨТ БИЛІГІНІҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ

Арын А.А.

Әл-Фараби атынағы ҚазҰУ-нің заң факультетінің қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының ассистенті, құқық магистрі

Избасова А.Б.

Заң факультетінің қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының аға оқытушысы

Қылмыстан сақтандыруды жүзеге асыруда сот органдары маңызды орын алады. Тек сот органдары ғана қылмыс фактісінің бар немесе жоқ екендігін, нақты тұлғаны қылмыскер ретінде тануды, қылмыстық істі саралау, қылмыскерге берілетін жаза шегін белгілеуді жүзеге асырады. Көрсетілген функциялар сот органдарының қызметінің бағытын белгілеп қана қоймай, аталған органдардың қылмыстық саясаттағы маңызын да айқындайды.

Сот органдары әр қылмыстық іске заңдық нүкте қояды. Қазақстан Республикасы Конституциясының 75-82 баптары соттар және сот төрелігінің қызметі мен билік бұтағы ретіндегі мәртебесін анықтайды. Ата Заңға сәйкес сот билігінің мақсат-міндеттері ретінде азаматтар мен адамдардың құқықтарын, заңды мүдделерін, бостандықтарын қорғау, және де Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативті құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз ету табылады. Қылмыстық істер бойынша сот билігін жүзеге асыру кезінде соттардың орындауы міндетті қағидалар тізбегі Қазақстан Республикасы Конституциясының 77- бабында көрсетілген [1].

Көрсетілген қағидалар тізбегі көрсетілу ретіне қарай, олардың басымдық күшінің дәрежесін анықтамайды. Көрсетілген қағидалардың қайсын болмасын орындамау немесе бұзу қылмыстық істер бойынша шығарылған сот үкімдерінің күшін жоюға әкеліп соғады. «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 25 желтоқсандағы № 132-ІІ Конституциялық заңының 1-бабына сәйкес:

Сот билігі Қазақстан Республикасы атынан ғана жүзеге асырылады және азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін қорғауға, Республика Заңдарының, өзге де нормативті – құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуге қызмет жасайды;

Сот билігі азаматтық, қылмыстық және заңда белгіленген өзге де сот ісін жүргізу нысандары бойынша жүзеге асырылады;

Соттың сот төрелігін жүзеге асыру кезіндегі тәуелсіздігі, соттардың қызметіне араласпау заңмен қамтамасыз етіледі және бұл арнайы жауаптылық қарастырылады. Міне, бұл талаптардың орындалуы мен судья біліктілігі мемлекеттің қылмыстық саясатының бағыттарын жүзеге асыру кезінде алға қойған мақсаттарға жетудің мүмкіндігі [2].

Соттар қызметі қоғам мүшелерінің үнемі назары мен бақылауында болады. Сол себепті де сот жүйесінің алдында мемлекеттегі қылмыстық ахуалды жеңілдету мен қылмыстық саясатты алға жылжыту міндеті тұр. Соттар сот билігін жүзеге асыру барысында заң қабылдаушы органдарға тиісінше ықпал ете алады. Өйткені судьялар тарапынан шығарылған әр үкім мемлекет атынан шығарыла отырып, мемлекеттің криминогендік ахуалға қатысты ұстанып отырған позициясын көрсетеді. Яғни, әр судья – қылмыстық саясаттың қоғамдық қатынастардағы әділдік үшін күресуші.

Қылмыстық заңнамаларды жетілдіруге қылмыстық саясатты жүзеге асырудың бір нысаны ретінде - қылмыстық-құқықтық нормаларды тексеріп, керекті жағдайда олардың мәнін көрсететін, қылмыстық іс бойынша құқықтық ақиқатты анықтайтын сот тәжірбиесі елеулі әсер етеді. Осы жерде “сот тәжірбиесі” ұғымына түсінік беру міндеті туады. Сот тәжірбиесі

– судьялардың қылмыстық істер бойынша заңмен берілген өкілеттігін жүзеге асыру барысында туындайтын кәсібилік қызметінің сот үкімінде көрініс табуы. Жалпы теориялық тұрғыда сот тәжірбиесіне ғылыми көзқарас жеткілікті білдірілген, алайда қылмыстық-құқықтық тұрғыда бұл проблема ғалымдар тарапынан төмен қызығушылыққа ие болып келеді. Жоғарыда көрсеткеніміздей қылмыстық саясатты жүзеге асырудың маңызды құралы судьялар болып табылады. Ал, сот тәжірбиесінің қалыптасу негізі – судьялар қызметі. Заң ғылымында сот тәжірбиесінің түсінігіне қатысты түрлі көзқарастар бар. Сот тәжірбиесі – құқықтық негізінде қолданылған норманың мәні мен маңызын ашу жататын, құқық нормаларын қолданушы сот қызметі. «Қылмыстық істерді қарау барысында судьяның өмірдің түрлі жағдайларына тап болуы сот үдерісіне қатысушылардың заңдық дайындығынан басқа да мәселелерді туындатады». Бұл көзқарасқа біз қосыла алмаймыз, өйткені сот қызметін детальдауға жол беруге болмайды және сот қызметі негізгі мақсаты ретінде әділдікті тұтастай қалпына келтіру мен аталған әділдікті қалпына келтіруге бағытталған кешенді процессуалдық әрекеттердің жүйесін қамтиды.

Қазақстан соттарының қызметіне кедергі ретінде қоғамдық жағдайдың күрделенуі де себепші болып отыр. Бұл жағдайларға: қоғамдық институттарды, сонымен қатар омбудсмен институтын дамыту, жаңа заңдар қабылдау, құқық қорғау органдары мен қоғамдық ұйымдардың ара-қатынасының құқықтық тұрғыда реттелмеуі, сот орындаушылардың құқықтық мәртебесі мен әлеуметтік жағдайын көтеру, жалған кәсіпкерлік пен жеке меншікке рейдерліктің жолын кесетін заңдық негіздерді күшейту секілді өзекті мәселелер жатады. Сонымен қатар алқабилер сотының да жақсы жақтары толық қоғам назарына ұсынылып отырған жоқ.

Сот тәжірбиесінің процессуалдық нысаны бұл – сот үкімі. Ал, сот үкімі өз кезегінде істің мәніне қатысты қолданылған қылмыстық-құқықтық норманы талқылайды. Бұл жерден сот үкімінің мәні тек норма талқылаумен шектеледі деген ой тұмауы керек. Сот тәжірбиесі сот үкімін шығара отырып, тек қылмыстық-құқықтық норманы ғана талқыламай, қылмыстың қоғамға қауіптілік дәрежесінің нақты деңгейін, сонымен қатар қылмыстық іс бойынша тергтелуі тиіс барлық мән-жайға талдау жасайды. Жалпы алғанда сот тәжірбиесі дегеніміз – нақты жағдайға байланысты норманы електен өткізу арқылы және норманы қолданумен шығарылған сот шешімі ғана емес, сонымен қатар мұндай норма қолдану істің фактілі мән-жайларын електен өткізу арқылы да шығарылған сот шешімінің сапасын анықтайтын субъективтік фактор. Бұл жерде норма ұғымы мен норма қолдану қылмыстық құқықтық нормалардан бастау алатындығын да ескерте кету керек.

Қылмыстық сақтандыруды жүзеге асыруда елеулі кедергі келтіріп отырған жағдай: тергеу сапасының нашарлығы, тергеу қызметінде қылмыстық процесс қағидаларының толық жүзеге аспауы қылмыстық істер бойынша қорытынды шығаруда соттарға елеулі қиындық туғызуда. Соттардың істерді қосымша тергеуге қайтару туралы шығарған шешімдері көп жағдайда дау тудырмай, қылмыстық қудалау органдары тарапынан түсіністікпен қабылданғандығы байқалады. Тергеу сапасын көтеру мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының “Соттардың қылмыстық істерді қосымша тергеу жүргізу үшін қайтаруы туралы” 2002 жылғы № 16 Қаулысы бірқатар кемшіліктердің орнын толтыруға негіз болары сөзсіз. ҚР Конституциясының 75-бабына сәйкес, соттар қылмыстық істерді қарау кезінде, айыптау мен қорғау функцияларынан ажыратылып, тек сот төрелігі функциясын жүзеге асырады. Осыған байланысты соттар өз бастамасы бойынша сотталушының жауапкершілігін күшейту және басқа адамдарды қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы мәселені қоюға құқылы емес. Міне бұл, аталған нормативті қаулының дұрыс көрсеткен мәселесі болып отыр.

Сот жүйесін реформалау - қажетті кезінде басталып, дұрыс ұйымдастырылған мемлекеттік шаралардың бірі болып отыр. Соттардың материалдық жағдайларын елеулі деңгейге көтеріп, еңбекақымен, тұрғын үйлермен қамтамасыз ету бір жолға қойылды. Атап

айтқанда, Павлодар, Алматы облыстық соттары және Республиканың бірқатар аудандық соттары жаңа ғимаратпен қамтамасыз етілді. Үкімдерді өзгертудің себебі судьялардың қылмыстық істі қарау кезіндегі жіберген кемшілігі болып отыр. Қылмыстық істерді кешіктіріп қараудың негізгі себептеріне: материалдардың сараптама орталықтарына кешіктіріліп жіберілуі, сот процестерін нашар ұйымдастыру жағдайлары жатып отыр. Жергілікті соттарда судья әдебі жөніндегі комиссиялар жұмыс істеуде. Бұл комиссиялардың қарауына судьялардың іс-әрекетіне қатысты түскен арыз-шағымдар санының көлемі азаймай отыр. Көрсетілген фактілер сот билігі өкілдерінің біраз бөлігінің әлі де болса, қарапайым халыққа жоғары кәсібилік пен адамгершіліктің үлгісін көрсете алмай отырғандығын көрсетеді [3].

Қылмыстық заңның қылмыспен күресудегі ролін анықтаудың артында қылмыстық құқықтың қылмыспен күресудегі соңғы құрал екендігін бағамдау мәселесі тұр. Бұл қылмыстық зардапты жоюға да, қылмыстан сақтандыруға да мәжбүрлеу деген сөз. Осы көзқарасымыз, қылмыспен күресуде мәжбүрлеуді қолдану көлемі тек қылмыстық жазамен ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік-экономикалық және ұйымдық шараларды тікелей жән жанама теріс қылықты жоюға бағыттау арқылы да анықталатындығын жоққа шығармайды. Қылмыстық құқықтың даму бағыты мен болашағы – бұл қылмыстық құқықтық норма, яғни, жаза арқылы қоғамдық оңды әсер мен оңгелі тәрбиені қалыптастырудағы нәтиже деген сөз.

Адамның әлеуметтік қамсыздандырылуының артуы, тұрмыстағы мәдени деңгейінің өсуі қылмыстың жойылуының себебі болса, қылмыстық жазаның орнын қоғамдық әсер ету мен астасқан тәртіп шараларына ауыстыру құқықтық мемлекеттің басты қызметі ғана емес, қажеттілігі де. Бірақ та, қылмыстық заңның реттеу өрісінің азаюын жылдам жүретін үрдісті жұмысқа жатқызсақ қателескеніміз болады. Өйткені, қылмыстық құқықтық қолданусыз қылмыстылықтың қарқынын реттейміз деуге ұмтылу мәжбүрлеу шараларының да қылмыстан сақтандыруға шынайы қатыстылығын жоққа шығарумен бірдей болар еді.

Азаматтарды әлеуметтік қолдау қылмыстың жойылуына әкеп соғуы мүмкін, бірақ та бұл қылмыстық құқықтық нормалардың тиісті қызметін төмендетпейді. Қылмыстық заңнаманың және оның нормаларының дұрыс жұмыс атқаруы мен үнемі жетілдіріліп отыруы қылмыспен күрестегі жетістіктердің негізі екендігіне шүбә жоқ. Бізге белгілі, қылмыстық заң қоғамдық қауіпті іс-әрекетке тыйым салып, сол әрекетті айыптайтын нормаларға түсініктер беріп отырады. Кез-келген қылмыстық-құқықтық тыйым салулар азаматтарға тек ескертушілік сипатта болады. Қылмыстық заңның нормасы арқылы ескерту мен азаматтарды қылмыстық заң нормалары арқылы қылмыстан сақтандыру ұғымдарының арасында еш айырмашылық жоқ. Адам ең бастысы қандай да бір іс-әрекеттер немесе пайдалы іс-әрекеттер заңмен тыйым салынғанын немесе рұқсат берілгенін ұдайы біліп отыруы керек. Тыйым салулар мен оның азаматтардың санасына құқықтық әсері адамды қылмыстан жалпы сипатта сақтандыруды қамтамасыз етеді. Жасыратыны жоқ, кейбір таяз түсініктегі азаматтарға қоғамға қарсы жасалған іс-әрекеттер үшін заңмен көзделген жазалар ғана маңызды. Адамның тек қылмыстық жазадан ғана қаймығып, қылмыстан сақтанып жүруі «құқықтық болашақты» қалыптастырудың кепілі емес [4].

Қылмыстық заңнамада қылмыстан сақтандыру бағытындағы қатынастарды реттейтін нормалар жүйесі бар. Қылмыстық Кодекстің Жалпы бөлімінде қылмыстың алдын алу мен сақтандыру бағытындағы нормалар көзделген. Оларға іс әрекеттің қоғамға қауіптілігі мен құқыққа қайшылығын жоятын: қажетті қорғаныс, аса қажеттілік, қылмыскерді ұстау кезіндегі зиян келтіру, қылмыс жасаудан өз еркімен бас тарту, қылмысқа дайындалу, оқталу, қылмыскер мен ол пайдаланған құралдар мен қаруларды, қылмыстың ізін жасыру, дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыстар туралы хабарламауға қатысты туындайтын қатынастарды реттейтін нормалар жатады. Сонымен қатар, қылмыс жасаған тұлғаларға қолданылатын қылмыстық құқықтық шаралардың кейбірінің де тікелей қылмыстан сақтандырушылық маңызы бар. Бұл шаралар қылмыс жасаған тұлғаларға кейбір «құқықтық артықшылықтарды» кепілдікке бере отырып, сол тұлғаны қайтара қылмыс жасаудан

сақтандырады (жазаны өтеуден шартты түрде немесе мерзімінен бұрын босату, жаза түрінің жеңіл түрін тағайындау, сотталғанды қоғамға бейімдей отырып шартты түрде босату, үкімді орындауды кейінге қалдыру, т.б.)

Қылмыстық Кодекстің ерекше бөлімінің барлық нормалары қылмыстан сақтандырушылық сипатқа ие. Бұл құқыққа қайшы әрекеттер жасағаны үшін жазамен тыйым салу мүмкіндіктерінің жиынтығы.

Қоғамға қауіпті әрекеттерді криминализациялаудың басты шартына қоғамның әлсіздікке деген мұқтаждығын жатқызамыз. Сондықтан да қылмыстық заңды дамыту – қоғамды қылмыстық қол сұғушылықтан, өзгелердің мүдделерін аяққа таптаудан сақтап қана қоймай, қылмыстық әрекетке көрсетілетін құқықтық тойтарыстың уақтылығын да қамтамасыз етеді. Себебі «қылмыстық әлем заңның жетілдірілмегендігін пайдалана отырып, өз жеке бастарының баюы мақсатында кез-келген әлеуметтік жаңалықтарға жедел түрде үн қатады».

Дәл қазіргі қоғамға мен адамдық моральға қарсы әрекеттер кең етек жайып жатқан кезде қылмыстық заң адамдар санасына «қылмыстан сақтанудың» әсерін сіңіре отырып, азаматтардың құқық бұзушылыққа деген көзқарасын қалыптастырады және мұндай келеңсіз жағдайлардың тоқтатылуына әсерін тигізеді. Мысалы, әртүрлі қызмет көрсету салаларында, ең алдымен медициналық қызмет көрсету кезінде адамдардан ақы алу жағдайын айтуға болады. Заңдастырылмаған ақы алу тиісті қызметті атқаратын азаматтардың халыққа жасайтын қызметінің сапасы сол адамдардан алған қосымша ақысына байланысты болады. Мұндай адамдардың бүгінгі бұл әрекеттері ертеңгі паракорлық үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылуының негізін қалыптастыруы әбден мүмкін. Қоғамға қауіпті қылмыстарды жасауды адамдардың сол қылмысты жасағанға дейінгі әрекеттерінің алғашқы мәнінде моральға қайшы құбылыстардың орын алатындығына күмән тудырмау керек.

Қылмыстық кодекстегі кейбір кемшіліктердің орын алуы қылмыстық заңның қолданылуының тиімділігін төмендетеді және қылмыстық құқықтың алдын алу іске асуына әсерін тигізеді. Мысалы: Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде гипноз арқылы қылмыс жасауға итермелеу мен рейдерлік әрекет үшін қылмыстық жауаптылық нормаларының болмауынан соңғы кездері заңсыз әрекеттердің өршіп кеткені шындық. Қылмыстық құқықтың сақтандыру қызметінің тиімділігінің көтерілуі Қылмыстық кодекстің көптеген нормаларын одан әрі жетілдіруді талап етеді. Бұл жұмыс үшін бірінші кезекте қылмыстық құқық теориясының тұрақтанған қағидаларын қылмыстық заңды қолдану қызметінің мазмұнымен сәйкестендіру талап етіледі. Қылмыстық заңнама қылмыстан сақтандыру бағытын қарастыратын институт тобы екені мәлім. Қылмыстан тікелей сақтандырудың мақсатына жетуде заң нормаларының тәжірибеде нақты қолданылуы маңызды.

Қоғамдық қауіпті қолсұғушылыққа қарсы тұрған тұлғаны жауапкершілікке тарту заңдарының қылмыстық қол сұғушылықпен күресудегі белсенділігін төмендетуге себеп болатын фактор ретінде қоғамдық санада «енжарлықты» қалыптастырып, олар қоғамдық қауіпті қорғауға қатысуда ықылассыз қарым-қатынасты өрістетеді. Кейде енжарлықтың басты себептерінен де көптеген азаматтар қажетті қорғанудың құқығын пайдалануы керек немесе пайдалануы мүмкін болған жағдайларда да жүзеге асырмайды.

Құқықтық сауатсыздықтың негізі – құқықтық мәдениеттің төмендігі. Құқықтық мәдениет болмайынша біздің құқықтық мемлекет құра алмаспымыз анық. Құқықтық мәдениетті көтеруді тек құқық қорғау органдарының міндеті деген тар мағынадағы түсініктеме қылып отырып, құқықтық мәдениетті көтеру ісіне жұмсалатын қаржыны көбейту мақсатымен құқықтық тұрғыдағы сауатты бөлігін ізгі істерге жұмылдыратын кез келген шараларды қолдану керек. Қазіргі таңдағы басты міндет – тәуелсіз Қазақстандағы құқықтық реформаны жалғастыру мен мемлекеттегі барлық қатынастарды, қоғам өмірін қауіпсіздендіру, құқықтық сенімді актауды қылмысқа қарсы күрес органдарының қызметінің өзегі ретінде

кабылдауды жүзеге асыру болып табылады. Адамзат жаратылғалы екі індетпен үздіксіз күрес жүргізіп келеді. Оның бірі – қылмыс, екіншісі – ауру. Қоғамдық індет ретіндегі қылмыстың өтпелі кезеңнің заңдылығына сай өрши түсетіндігі белгілі. Оның әралуан объективті және субъективті себептері баршылық. Қылмыстың ауыр түрлерінің бірі – сыбайлас жемқорлық. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ұлттық қауіпсіздік саясатының бөліп алынбайтын бөлігі және бұл қауіпті дертпен күресу барлық жұртшылықтың міндеті. Біздің ойымызша, сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін көзделіп отырған жауаптылық түрлеріне әзірге өзгеріс енгізудің қажеттілігі шамалы. Қайта бұл бағыттағы жұмыстарды әлеуметтік қолдау мен сыбайлас жемқорлықтың қауіптілігін жариялайтын ақпараттық сауаттандыру арқылы жалғастыру керек. Нарықтық қатынастардың өмірге дендеп енуі халыққа әлеуметтік жіктеу алып келді. Бұл жағдайдан қорықпау керек, қайта халықтың ауқаттылар тобына жататын бөлігі көбейген сайын тұрмыстық сипаттағы қылмыстардың деңгейі төмендейтіндігі анық [5].

Ел Президентінің “Қазақстан-2030” даму бағытын айқындайтын стратегиялық жоспарын жариялағанда алғашқы кезде халық тарапынан оптимистік және скептикалық көзқарастардың тиегі ағытылғаны анық. Кейбір саяси партия өкілдері бұл бағдарламаны Президент сайлауы кезінде сынаудың объектісі ретінде таңдап алғаны белгілі. Сонымен қатар, ұлттық мәселелерді зерттеуді стратегиялық талаптарға сай жүргізбеудің қауіптілігін сезінетін уақыт жетті. Діни, ұлттық, нәсілдік сипаттағы кемсітушіліктерден туындайтын қылмыстардан сақтандыру шараларын күшейту тиісті баспасөз заң негізінде қадағалау арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Мысалы: «Қазақтың іштен жарылуы және саяси мәдениеттің төмендігі, бай мен кедейдің арасындағы жарық пен түнектей айырмашылық, осының барлығы қосылып проблемаларды күштеп шешуге негіз болады. Қазақстанның әрбір қаласын қайыршылық белдеуі қоршап жатыр. Ең қиыны қазақ ішіндегі дағдарыс сыртқа шықпай қоймайды, сөйтіп ол ұлтаралық қатығысқа ұласуы мүмкін» деп болжам жасағандардың пікірі кейбір келеңсіз оқиғалардың себебі тұрмыстық сипатта екендігін білмегендігінен бе әлде, мәселеге басқа реңк беруге тырысқандығынан ба? ол белгісіз!?

Қараңыз, дамудың тұрақты стратегиялық жоспары жоқ елдердің қанша ұлттық байлығы болса да күйзеліске ұшырағанын білеміз. Олардың қатарына Венесуэла мен Нигерияны жатқызуға болады. Мемлекетіміз әлеуметтік – экономикалық дамуында біршама деңгейде жақсы жетістіктерге қол жеткізуде. Ал мұның өзі біздің мемлекеттің болашақта қылмыстық әрекеттердің жолын кесуге мүмкіндігінің жеткілікті деңгейде болатындығының кепілі. Адамзат әрқашанда әділеттік үшін күресіп, соның жолында талай құндылықтарды құрбандыққа шалған. Шындығында көп жағдайда «қара түнек әлем мен заңдылықтар әлемінің арасындағы текетіресте жеңілісті заңдылықтар әлемі қанжығасына байлады». Бұл мәселені шешудегі басты басымдық ретінде «құқықтық міндеттер мен тиымдар жүйесін жетілдіру, заңдық мәні бар нұсқаулықтар, өзіндік міндеттер жүктеу әдістерін қолдану арқылы сақтандырудың ұйымдық-құқықтық нысандарының тиімділігін көтеру» танылу керек. Мемлекетіміздің егемендік алған алғашқы жылдарында заңнамалық базаның дұрыс дамымауы мен басқа да кедергілердің әсерінен көптеген келеңсіздіктер өрістеп, еліміздегі «мемлекетсіздендіру мен жекешелендірудің ерекше қарқыны, экономикалық қатынастарды реттеуде мемлекет белсенділігінің төмендеуі - шексіз мүмкіндіктер аясындағы абайсыздықтар мен сауда еркіндігі реформалардың алғашқы жүргізілген кезеңінде бақылаусыз кеткен криминалды бизнеске, сонымен қатар шенеуніктер мен жеке сектордың қоғамға пайдасыз әріптестігіне қолайлы жағдай туғызды».

Қорыта айтқанда, қылмыстан сақтандырудың әр сұрағы мен әр мәселесін дұрыс шешу – Қазақстандағы ұлттық қауіпсіздік пен экономикалық өрлеуді, ұлттық тұрақтылық пен өзара келісімді, әлеуметтік басқаруды қамтамасыз ету мен барлық реформаларда ұлттық жеңісті жасаудың, мемлекетке деген адам сенімін қалыптастырудың басты негізі. Әлеуметтік басқаруды ғылыми негізде құру - қылмыстан сақтандыру саласындағы мемлекеттік сая-

сапта «жеке адамды» қылмыстық заң талаптарын білетін сапалық тұрғыдан дамыту үшін қажет. Себебі, «әлеуметтік психологияны оқу кезінде негізінен қоғамдық пайдалы топтар мен ұжымдар жағдайы көбірек зерттеліп, антиқоғамдық топтарға қатысты көңіл бөлудің жетіспеушілігі жиі» болғандығын байқалуда.

Қылмысқа қарсы күресте қоғамдық күштер мен мемлекеттік өкілді органдардың ымырасыздығы әр азаматтың әрекетін құқықтық тиым мен қылмыстық жауаптылық шеңберінен тыс кеңістікте жүзеге асыратындығының кешілі. Ал, қылмыстық құқықтық құралдар арқылы қылмыстан сақтандыру - азаматтардың өмірінің қауіпсіздігін және олардың әр әрекетін құқықпен қамтамасыз етудің жолы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы
2. Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының 2000 ж. 25 желтоқсандағы № 132-ІІ Конституциялық Заңы
3. Абдиров Н.М. Бороться - значит предупреждать. Предупреждение преступности. Криминологический журнал №1. 2001 г.
4. Чукмаитов Д.С. Гуманизация уголовной политики в сфере исполнения наказания: Научное издание, Костанай: ТОО «Костанайский печатный двор» 2005. - 204 с.
5. Утибаев Г. Правовой анализ понятия - профилактика преступлений. Предупреждение преступности. № 1 (21) 2008 г.

Резюме

В статье рассматриваются понятия и основные направления уголовной политики в сфере предупреждения и предотвращения преступности в стране.

Resume

The article discusses the concepts and guidelines of criminal policy in the sphere of prevention and crime prevention in the country.